

## Келес ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 шілдедегі № 4-33-VIII шешімі. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 2023 жылғы 6 қарашадағы № 6-68-VIII шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес аудандық мәслихатының 06.11.2023 № 6-68-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 қарашадағы № 787 қаулысына сәйкес, Келес аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанды қоса алғанда туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері – болу құнының 0 (нөл) пайызы бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасының  
міндетін уақытша атқарушы*

*Н.Мережепов*